

"Ақтөбе облысының қалалары мен басқа да елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп-ұстай Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 5 маусымдағы № 122 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 292 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 4312 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 24.12.2021 № 108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 408-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Ақтөбе облысының қалалары мен басқа да елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп-ұстай Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 5 маусымдағы № 122 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3601 тіркелген, 2013 жылғы 11 шілдеде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары туралы";

кіріспедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына, 311-бабына" сөздері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 408-бабына" сөздерімен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы шешімге қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының қалаларында және басқа да елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары бекітілсін";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Ақтөбе қаласының және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына ұсынылсын:

тұрғын үй құрылышын жобалау барысында иттерді серуендетуге арналған аландарды орналастыруды қарастыру, ескерілсін;

ветеринариялық мекемелерде өздерінің иттері мен мысықтарын уақытылы вакцинациялауды және есепке қоюды тұрғындар арасында насиҳаттау бойынша шаралар қабылдау.

1-2. Пәтерлер иелері кооперативтеріне ұсынылсын:

азаматтарды таныстыру үшін тиісті аумақтарда орналасқан хабарландыру тақталарына, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мекенжайы мен телефондарын орналастыру;

қажет болған жағдайда, иттерді серуендетуге арналған аландарды орналастыру үшін орындарды белгілеу және осы мақсаттарға жер участекелерін бөлу үшін тиісті жергілікті атқарушы органдарға тапсырыс беру;

иттерді серуендетуге арналған аландардың санитарлық жағдайын ұстауға.>";

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Қағидаларда:

13-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 Тараумен толықтырылсын:

"5-1 Тарау. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою

23-1. Кәсіпорындар мен мекемелердің жанына иелері байлап кеткеннен басқа, қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер, қаңғыбас деп есептеледі және міндетті түрде аулауға және жоюға жатады.

23-2. Адамгершілік қағидаттарын және тиісті аумақтарда тұратын тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін сақтай отыра, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды "Ветеринария туралы" Заңың 11-бабының 4-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асырады.

Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша жұмыс наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтын тұлғаларға рұқсат етіледі.

23-3. Асыл тұқымды, мойнында қарғыбау жетондары бар иттер иелері анықталғанға дейін 3 күн бойы уақытша ұстау оқшаулау орнында асырауда болуы қажет.

23-4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жөніндегі мамандар "ит аулаушы" деген жазуы бар арнайы киіммен немесе жетондармен қамтамасыз етілуі қажет, сондай-ақ мекеменің рұқсат күеллігімен қамтамасыз етіледі.

23-5. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау күндізгі уақытта жүргізіледі.

23-6. Иттер мен мысықтардың өлекселерін кәдеге жарату мал көмінділерінде (биотермиялық шұңқыр) немесе өлекселерді өртеуге арналған пештерде (инсинераторларда) жүзеге асырылады.

24-тармақта "2001 жылғы 30 қаңтардағы" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы

F. ЛАТЫПОВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы

C. ҚАЛДЫРУЛОВА

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК